

«Қазақэронавигация» РМК-ның 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерін көрсету бойынша қызметі туралы есеп

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазақэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымы Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан орталық аппараттан және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан он бес филиалдан тұрады.

2018 жылы Кәсіпорынның орташа тізімдік қызметкерлер саны 2 664 адамды құраған.

2018 жылғы 27 желтоқсандағы «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес халықаралық және транзиттік ұшуға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметі табиғи монополиялар саласына жатады.

«Қазақэронавигация» РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметін бақылауды және реттеуді «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті жүзеге асырады.

1. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

2018 жылы инвестиция сомасы 25 082 491,50 мың теңгені құрады (жедел деректер), ол мынадай іс-шараларға бағытталды:

- жалпы сомасы 6 351 791, 19 мың теңгеге әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ӘҚБ АЖ) орталықтарын жетілдіру;
- 5 872,32 мың теңге сомаға тірек навигациялық пункттер (ТНП) желісін құру;
- 508 904,43 мың теңге сомаға навигация және бақылау жүйелерін дамыту;
- 8 031 276, 56 мың теңге сомаға авиациялық электр байланысы мен ақпараттық коммуникацияларды дамыту;
- 416 250,85 мың теңге сомаға аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметін дамытудың нысаналы бағдарламасын іске асыру;
- 5 811 742,76 мың теңге сомаға метеорологиялық мақсаттағы құралдарды дамыту;
- 707 617,34 мың теңге сомаға РТҚ ғимараттарын, құрылыстарын және объектілерін салу және күрделі жөндеу;
- 930 мың теңге сомаға қауіпсіздік, өрт-күзет дабылдамасы (ӨҚД) және автоматты өрт сөндіру жүйелері;

- 3 248 106, 04 мың теңге сомаға негізгі құралдарды сатып алу.

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № 493 және Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің 2015 жылғы 10 қарашадағы №434-НҚ бірлескен бұйрығымен бекітілген «Қазаэронавигация» РМК-ның аэронавигация саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша 2018-2020 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын 2018 жылға түзету туралы» 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 661 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің бұйрығына сәйкес 2017 жылға 4 727 054,66 мың теңге мөлшеріндегі инвестиция сомасы жоспарланған.

Инвестициялық бағдарламаның орындалуы 100% немесе 4 727 054,66 мың теңгені құрады (1-қосымша).

Инвестициялық бағдарлама аясында төмендегі іс-шаралар орындалды:

- 3 642 156,41 мың теңге сомаға жоспарлау және биллинг жүйелерімен үйлестіру және өзара іс-қимылды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін SkyLine жүйесіндегі жаңа функционалды қамтитын SkyLine жүйесін модернизациялау үшін бағдарламалық модульді сатып алу;

- Атырау филиалына 632 183,20 мың теңге сомаға орнату және іске қосу жұмыстарын қоса алғанда, ӨЖЖ жабдық жиынтығын сатып алу;

- Атырау филиалы үшін орнату мен іске қосу-баптау жұмыстарын қоса алғанда, 452 715,05 мың теңге сомаға дауыстық диспетчерлік байланыс және сөйлеу ақпаратын құжаттау жүйесін (негізгі және резервтік жиынтықтарды) сатып алу;

Инвестиция көзі - меншікті қаражат.

2. Негізгі өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштер туралы

Кәсіпорынның **табысы** 2018 жылы 67 998 млн. теңгені құрады, бұл 2017 жылы алынған пайда деңгейінен 12% немесе 7 353 млн. теңгеге жоғары.

Негізгі қызметтен түскен табыс 2018 жылы 64 564 млн. теңге мөлшерінде алынды. 2017 жылға қарағанда, табыс 9% немесе 5 351 млн. теңгеге өсті. Негізгі қызметтен түскен табыстың өсуіне аэронавигациялық қызмет көрсетуден және басқа қызметтерден (байланыс, кадрларды даярлау бойынша қызметтер, медициналық қызмет) түскен табыстың артуы ықпалын тигізді.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуден түскен табыс (бұдан әрі – АНҚ-дан түскен табыс) 2018 жылы 64 312 млн. теңгені құрады. АНҚ-дан түскен табыс кәсіпорынның жалпы табысының 93% құрайды. 2017 жылға қарай АНҚ-дан түскен табыс 9% немесе 5 320 млн. теңгеге көбейді. Табыстың ұлғаюы өндірістік көрсеткіштердің өсуіне байланысты.

Кәсіпорынның **шығыстары (оның ішінде корпоративтік табыс салығы)** 2018 жылы 49 968 млн. теңгені құрады.

Таза табыс сомасы 2017 жылы 18 030 млн. теңгені құрады.

Есепті кезең қорытындысы бойынша «Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпанда бекітілген № 134 бұйрығына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс таза табыстың мөлшері 12% немесе 2 164 млн. теңгені құрайды.

3. Реттеліп көрсетілген қызметтердің көлемі туралы

Кәсіпорынның реттеліп көрсетілетін қызмет түрлеріне мыналар жатады:

- халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету;

- халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.

Реттеліп көрсетілетін қызмет аэронавигациялық қызмет көрсетуден түскен жалпы кірістен 4% құрайды.

Реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша Қазақстандық авиакомпаниялардың тасымалдау бойынша жалпы көлемінен тұрақты ішкі тасымалдау үлесі (ұшақ-километрлермен) айтарлықтай қомақты және 2018 жылы шамамен 90% құрады.

Реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерінің көлемі

№ р/р	Атауы	Өлш.бірл.	2018ж.	2017ж.	Ауытқу
1	Ұшақ - километрлер	мың км	62 198	64 400	- 2 202
2	Ұшақтың ұшып шығу тоннажы	мың тонна	3 304	3 348	- 44
3	АНҚ кірісі, барлығы	млн. теңге	2 819	2 900	- 81
	<i>оның ішінде:</i>				
	- ӘК АНҚ		1 804	1 872	- 68
	- ӘМ АНҚ		1 014	1028	- 14
4	АНҚ шығыстары, барлығы	млн. теңге	6 312	5 894	418
5	<i>оның ішінде:</i>				
	- ӘК АНҚ		4 713	4 377	336
	- ӘМ АНҚ		1 599	1 517	82
	Пайда (салық салғанға дейін)	млн. теңге	-3 493	-2 994	- 499

2018 жылы тұтынушыларға реттеліп көрсетілген қызметтердің көлемі 2017 жылғы қарағанда 3,4% -ға төмендеді.

2018 жылы Қазақстан Республикасында әуе кемелеріне реттеліп көрсетілетін аэронавигациялық қызмет бойынша кіріс 2017 жылмен

салыстырғанда 3%-ға төмендеді, бұл реттеліп көрсетілген қызметтер көлемінің тиісті төмендеуіне – тұрақты рейстер бойынша ұшу санының азаюына байланысты.

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

Жалпы 2018 жылы реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтері Қазақстан Республикасының 92 авиакомпаниясына ұсынылды.

Бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының авиакомпанияларымен халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету және әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған 28 шарт жасалды және қайта жасалды.

2018 жыл ішінде реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерінің негізгі тұтынушылары:

- «Эйр Астана» АҚ;
- «SCAT» авиакомпаниясы» АҚ;
- «BEK AIR» АҚ;
- «Qazaq Air» АҚ;
- «БҮРКІТ» мемлекеттік авиакомпаниясы» РМК;
- «Оңтүстік аспаны» әуекомпаниясы» АҚ;
- «COMLUX-KZ» авиакомпаниясы» ЖШС;
- «Жезқазған Эйр» авиакомпаниясы» АҚ (ZHEZAIR);
- «Евро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» АҚ болды.

Қазақстан Республикасының жоғары әуе кеңістігінде және әуеайлақ маңында әуе кемелеріне қызмет көрсетуді Кәсіпорын жоғары деңгейде жүзеге асырды.

5. Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы

Реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерінен түскен нақты кіріс 2018 жылы 2 810 млн. теңгені, оның ішінде әуе кеңістігінде аэронавигация қызметтерін көрсетуден түскен кіріс – 1 804 млн. теңгені және әуеайлақ маңында – 1 014 млн. теңгені құрады (2-қосымша).

2011-2018 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі және әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер залалды болды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтеріне тарифтік смета залалды болды:

- ӘК (- 2 909) млн. теңге;
- ӘМ (- 584) млн. теңге.

Есепті кезеңде бекітілген шығын баптарын ӘК бойынша 2,6 еседен көп және ӘА бойынша 64% артық орындау байқалады. Іс жүзінде қалыптасқан шығындардың бекітілген тарифтік сметада көзделген шығындардан артық болуының басты себебі Кәсіпорынға азаматтық авиация саласының метеорологиялық қамтамасыз ету қажеттілігін қанағаттандыру бойынша жаңа міндеттердің жүктелуінің нәтижесінде қосымша келтірілген шығындар болып табылады. Өндірістік персонал санының көбеюі еңбекақы төлеуге, іссапар шығыстарына, персоналдың біліктілігін арттыруға, сырт ұйымдардың қызметтеріне, материалдық шығындарға және басқаларға жұмсалатын шығыстардың өсуіне әкеп соқтырды.

Сондай-ақ, нақты жұмсалған шығындардың өсуіне 2018 жылы реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтері бойынша орындалған өндірістік көрсеткіштердің ұлғаюы ықпал етті, нәтижесінде көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының әрбір бабы бойынша шығыстар және кезең шығыстары теңдей өсті.

6. Қызмет перспективалары туралы (даму жоспары)

2025 жылға дейінгі кәсіпорынды дамыту бағдарламасы және 2017-2019 жылдарға арналған аэронавигациялық жүйені дамыту жоспары бойынша ИКАО-ның жаһандық аэронавигациялық жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының аэронавигациялық жүйесін ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық дамытудың, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ел экономикасын дамыту мүддесінде барлық пайдаланушылардың әуе кеңістігін тиімді пайдаланудың негізгі бағыттары айқындалды.

Аталған бағдарламалық құжаттарды іске асыруда ИКАО басым жүйесі болып табылатын сипаттамаларға (PBN) негізделген навигацияны енгізу бойынша жұмыс басталды. Қазіргі уақытта жұмыс тобы құрылды, ИКАО, ИАТА халықаралық ұйымдарымен, сондай-ақ көрші елдердің провайдерлерімен консультациялар жүргізілуде.

Бірінші кезекте, PBN аясында 2019 жылдың соңына қарай:

- жоғарғы әуе кеңістігінде RNAV 5 техникалық ерекшелігі, яғни жер үсті радиотехникалық құралдарына сүйенбейтін еркін берілген траекториялар бойынша ұшуды орындауға мүмкіндік беретін "аймақтық навигация";

- Астана және Алматы әуеайлақтарында ұшып көтерілу мен қонуды орындау үшін тұрақты биіктікті алу және төмендеу режимінде ұшуды жүргізу бойынша рәсімдер.

2019 жылдың соңына қарай ауысу эшелонынан төмен фута биіктікті өлшеуді бір уақытта енгізумен қоса, стандартты атмосфера (QNH) бойынша теңіздің орташа деңгейіне келтірілген қысым бойынша қонуға кіру операциялары енгізілетін болады.

PBN қамтамасыз етуден басқа, бұл іс-шаралар әуе кеңістігінің интероперабельділігін және экипаждың биіктік өлшеуде белгіленетін биіктік

пен қысым шамаларын қайта есептеу кезінде адам факторының әсерін азайту есебінен ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдердің төмендеуін қамтамасыз етеді.

2020 жылдан бастап кәсіпорын биіктік алу және үздіксіз төмендеу мен биіктік алу (CCO/CDO) схемаларын жаңалап, әуе кеңістігін икемді пайдалану (FUA) принциптерін енгізе бастайды.

2022 жылдан бастап әуе кеңістігін пайдаланушыларға қолайлы маршруттарды өздері әзірлеуге мүмкіндік беретін еркін маршруттау қағидатын қолдану жоспарланып отыр.

Осы жобаны іске асырудан авиакомпаниялар үлкен пайда алады: ұшу қауіпсіздігінің деңгейі артады, ұшу/ұшып келу схемаларының жалпы ұзақтығы 2% - ға қысқарады, бұл ӘК отын шығысының жыл сайын 2% - ға төмендеуіне әкеледі, CO₂ шығарындылары жыл сайын 2% - ға азаяды, сондай-ақ диспетчерлік және ұшу құрамына түсетін жүктеме төмендейді.

Қазіргі таңда навигацияның ең перспективалы құралы болып табылатын және дәлдік, тұтастық және үздіксіздік бойынша ең жақсы сипаттамаларға ие жаһандық навигациялық спутниктік жүйені (GNSS) қолдану жоспарланып отыр.

2019 жылдан бастап кейіннен негізгі құрал ретінде (2020 жылға қарай) ауыса отырып, GNSS енгізу жоспарлануда. Нәтижесінде қымбат тұратын жер үсті құралын көп мөлшерде ұстау қажеттілігі жойылады.

Қазіргі уақытта ADS-B жүйесімен бақылау құралдарын (екі жақты радиолокаторлар) толықтыру бойынша жұмыс жүргізілуде. 2020 жылдан бастап трассаларда бақылаудың негізгі құралы ретінде ADS-B енгізу жоспарлануда.

Кәсіпорын аэронавигациялық ақпарат жүйесін дамытудың мақсатты бағдарламасын іске асыруды жүргізеді, оның шеңберінде елдің барлық халықаралық әуеайлақтарында WGS-84 Дүниежүзілік геодезиялық жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс толығымен аяқталды. WGS-84 координаталар жүйесінде аэронавигациялық деректердің болуы (PBN) сипаттамаларға негізделген навигацияны енгізу үшін қажетті шарт болып табылады.

ҚР аэронавигациялық деректері толық көлемде аэронавигациялық ақпарат қызметтерінің Еуропалық деректер базасында (EAD) орналастырылған.

Кәсіпорын мақсатты бағдарламаның екінші кезеңінің жобаларын енгізуді белсенді жүзеге асырады. 2017 жылғы 30 наурыздан бастап АИП өндірісі электронды е-AIP форматында жүзеге асырылады. Жергілікті жер және кедергілер (e-TOD) туралы электрондық деректер енгізілді.

Ақпарат алмасуды автоматтандыруды арттыру үшін аэронавигациялық элементтерді мәнделс сәйкестендірудің қолданыстағы механизмдерін жетілдіру жоспарлануда. АНО беру кезінде адами факторды азайту мақсатында деректердің тұтастығын және сапасын бақылау механизмдерін енгізу жүзеге асырылуда.

2019 жылы электрондық аэронавигациялық карталарды құру жоспарлануда.

2020 жылға қарай кәсіпорын "Брифинг Бокс" бағдарламалық жасақтамасын «ОҚ ӘҚҰ ӨО» және «ОШ ӘҚҰ ӨО» филиалдарының "Брифинг" бөлімдерінде флайт жоспарларды, отырғызу және ұшу жеделхаттарын өңдеу кезінде пайдалануға көшуді жоспарлап отыр.

2022 жылдан бастап цифрлық NOTAM енгізу және цифрлық АИП-ті пайдалануға көшу жоспарлануда.

Осы шаралардың барлығы аэронавигациялық ақпаратты толық автоматтандыруды, деректерді қолмен енгізуді төмендетуді және ӘК экипаждарының ұшу алдындағы ақпаратты алу рәсімдерін оңайлатуды қамтамасыз етеді.

Белгіленген перспективалық жоспарларды іске асыру ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жаңа пайдаланушылар үшін Қазақстанның әуе кеңістігінің тартымдылығын арттыруға алып келеді. 2025 жылға қарай Кәсіпорын Еуразиялық аймақтағы аэронавигациялық қызмет көрсетудің ең тиімді провайдері болуға ұмтылады.

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидаларына 3-қосымша нысан

Табиғи монополия субъектісінің 2018 жылға арналған инвестициялық бағдарламасының (жобасының)* орындалуы туралы ақпарат субъектінің атауы: "Қазэроавиация" РМК, қызмет түрі: әуе кеңістігін пайдалануды реттеу

№ р/р	Реттелін көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспары және нақты көлемі туралы ақпарат							Пайда және зиян туралы есеп*	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуының нақты көрсеткіштерінің инвестициялық бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**	Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы (жобадағы) көрсеткіштермен ауытқу себептерін түсіндіру	Реттелін көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) сапасы мен сенімділігінің артуын бағалау		
	Реттелін көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Зағтай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама (жоба) аясында қызмет көрсету кезеңі	Пайда және зиян туралы есеп*		жоспарлы	нақты	ауытқу	ауытқу себептері	меншікті қаражат		қарыз қаражаты	бюджет қаражаты				Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қарай іске нақты асыру жылдары бойынша негізгі қорлар тозуының төмендеуі (нақты), %	
				жоспарлы	нақты								Амортизация	Пайда						Өткен жылғы факт	Ағымдағы жылғы факт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20		
	2018 жылға барлығы							4 727 054,66	4 727 054,66	0,00		1 240 851,85	3 486 202,81	0,00	0,00	0,00	33,68				
1		Аэроавиациялық жүйені дамыту				2018		4 727 054,66	4 727 054,66	0,00		1 240 851,85	3 486 202,81	0,00	0,00	0,00	33,68				
1.1.		Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелері (ӘҚБ АЖ) орталықтарын жетілдіру				2018		3 642 156,41	3 642 156,41	0,00		956 066,06	2 686 090,35	0,00	0,00	0,00	32,84				
1.1.1.	Халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэроавиациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэроавиациялық қызмет көрсету, халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэроавиациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуесайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэроавиациялық қызмет көрсету.	SkyLine әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін жаңарту				2018		3 642 156,41	3 642 156,41	0,00		956 066,06	2 686 090,35	0,00	0,00	0,00	32,84		Осы бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі аэроавиациялық қызмет көрсету сапасы мен сенімділігін арттырады, бұл ұшу қауіпсіздігінің артуына ықпал етеді		
		Жоспарлау және билдинг жүйелерімен үйлестіруді және өзара іс-қимылды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін SkyLine жүйесіндегі жаңа функционалды қамтитын SkyLine жүйесін модернизациялау үшін бағдарламалық модуль сатып алу				2018		3 642 156,41	3 642 156,41	0,00		956 066,06	2 686 090,35	0,00	0,00	0,00	32,84				
		Бағдарламалық жасақтаманы сатып алу, монтаждау, іске қосу және реттеу жұмыстарын қоса алғанда	Қиындық	1	1	2018		3 642 156,41	3 642 156,41	0,00		956 066,06	2 686 090,35	0,00	0,00	0,00	32,84				
	1.2.	Авиациялық электр байланысын және ақпараттық коммуникацияны дамыту				2018	Қоса берілгені	1 084 898,25	1 084 898,25	0,00		284 785,79	800 112,46	0,00	0,00	0,00	0,84				
	1.2.1.	Телекоммуникация, электр байланысының, аэроавиациялық желісі				2018		1 084 898,25	1 084 898,25	0,00		284 785,79	800 112,46	0,00	0,00	0,00	0,84				

1.	Халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне	ӨЖЖ жабдығы, монтаждау, іске қосу және реттеу жұмыстарын қоса алғанда				2018	632 183,20	632 183,20	0,00		165 948,09	466 235,11	0,00	0,00	0,00	0,49		Осы бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасының әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету сапасы мен сенімділігін арттырады, бұл ұшу қауіпсіздігінің артуына ықпал етеді
a	аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету;	Атырау филиалына ӨЖЖ жабдығының жиынтығын сатып алу, монтаждау, іске қосу және реттеу жұмыстарын қоса алғанда	Жиынтық	1	1	2018	632 183,20	632 183,20	0,00		165 948,09	466 235,11	0,00	0,00	0,00	0,49		
2	жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуесайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.	Дауыстық диспетчерлік байланыс және сойлеу ақпаратын құжаттау жүйесі (негізгі және резервтік жиынтық)				2018	452 715,05	452 715,05	0,00		118 837,70	333 877,35	0,00	0,00	0,00	0,35		
a		Атырау филиалына дауыстық диспетчерлік байланыс және сойлеу ақпаратын құжаттау жүйесін сатып алу (негізгі және резервтік жиынтық), орнату және іске қосу, реттеу жұмыстарын қоса алғанда	Жиынтық	1	1	2018	452 715,05	452 715,05	0,00		118 837,70	333 877,35	0,00	0,00	0,00	0,35		
* пайдалар мен залалдар туралы есеп «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдардан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес ұсынылады;																		
** - ақпарат саланың өркендеуіне ескере отырып, өзге көрсеткіштер бойынша да толтырылады (өзгер бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) көзделсе);																		
*** - бұл ақпарат инвестициялық бағдарламаны іске асыру бойынша растайтын құжаттарды (тәжірибелік карттардың, келісімшарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актілер, орындалған жұмыстардың және шығындардың құны туралы анықтама, шот-фактуралар, мемлекеттік қабылдау комиссияларының пайдалануға қабылдау туралы актілері, ішкі іс және құжаттары, реттелетін қаржы субъектілерінің пайдалануға енгізу және тегігеріне қабылдау туралы ішкі бұйрықтары) қоса ұсынылады.																		

Бас директор



[Handwritten signature]

А. Бектұров

23 сәуір

2019 жыл

Халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтеріне арналған тарифтік сметаның орындалу барысы туралы 2018 жылғы ақпарат

Есептік кезең: 2018 жыл

Индекс: ӨТСЕ - 1

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынады: "Қазэроавиация" РМҚ

Нысан кімге ұсынылады: Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму Министрлігінің Азаматтық авиация комитеті

Тапсыру мерзімі: жылсайын есепті кезеңнен кейін, 1 мамырдан кешіктірмей

№ рс	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	2018 жылға ӨК-ға бекітілген тарифтік сметада көзделгені	2018 жылғы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқым, %-бен	Ауытқым (+, -)	Ауытқу себептері
I.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	тыс. теңге	1 621 510	4 106 097	253	2 484 588	
	оның ішінде:						
1.	Материалдық шығындар, қосалқы бөлшектер, барлығы		65 749	100 439	153	34 690	
	оның ішінде:						
1.1.	материалдар, қосалқы бөлшектер		6 446	16 890	262	10 444	
1.2.	отын		25 303	39 562	156	14 259	
1.3.	электр энергиясы		34 000	43 986	129	9 986	
2.	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы		869 783	1 853 693	213	983 910	
	оның ішінде:						
2.1.	жалақы		791 431	1 671 131	211	879 700	
2.2.	әлеуметтік салық		78 352	182 562	233	104 210	
3.	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы		405 995	791 028	195	385 033	
4.	Жөндеу, барлығы		15 555	30 677	197	15 122	
	оның ішінде:						
4.1.	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу		15 555	30 677	197	15 122	
5.	Өзге шығындар, барлығы		264 427	1 330 261	503	1 065 834	
	оның ішінде:						
5.1.	байланыс қызметі		23 288	70 567	303	47 278	
5.2.	іссапар шығыстары		41 887	69 112	165	27 225	
5.3.	кадрларды даярлау		27 748	75 051	270	47 303	
5.4.	басқа да шығыстар		171 503	1 115 531	650	944 028	
	оның ішінде:						
5.4.1.	құралға техникалық қызмет көрсету		128 091	740 257	578	612 166	
5.4.2.	ғимараттар, құрылыстарды қамтамасыз ету		5 692	8 418	148	2 726	
5.4.3.	РТО ұшулары		22 815	101 490	445	78 675	
5.4.4.	негізгі өндірістік қорларды жалға алу		0	0		0	
5.4.5.	АМСГ қызметтері		0	0	#ДЕЛ/01	0	
5.4.6.	аэронавигациялық аппараттың құжаттары		0	0	#ДЕЛ/01	0	
5.4.7.	ведомстволық күзет шығындары		1 618	11 771	728	10 153	
5.4.8.	медициналық тексеріс		2 600	3 456	133	856	
5.4.9.	еңбекті қорғау		2 456	7 777	317	5 321	
5.4.10.	Жалпы шаруашылық шығыстар		8 231	242 362	2 945	234 131	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	тыс. теңге	203 683	606 942	298	403 259	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы		203 683	606 942	298	403 259	
	оның ішінде:						
6.1.	әкімшілік персоналдың жалақысы		135 138	284 384	210	149 246	
6.2.	әлеуметтік салық		13 376	28 291	212	14 915	
6.3.	банк қызметтері		1 600	1 986	124	386	
6.4.	Негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациясы		13 207	52 130	395	38 923	
6.5.	коммуналдық қызметтер		997	1 216	122	219	
6.6.	бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер		1 049	3 718	354	2 669	
	оның ішінде:						
6.6.1.	аудиторлық қызметтер		769	2 599	338	1 830	
6.6.2.	аппараттық қызметтер		280	1 118	399	838	
6.7.	салықтар		20 040	53 664	268	33 624	
6.8.	іссапар шығыстары		0	0		0	
6.9.	басқа да шығыстар		18 277	181 554	993	163 277	
	оның ішінде:						
6.9.1.	қосалқы бөлшектер, материалдар		678	4 373	645	3 695	
6.9.2.	отын		496	8 944	1 803	8 448	
6.9.3.	электр энергиясы		1 050	1 689	161	639	
6.9.4.	жөндеу қоры		839	1 049	125	210	
6.9.5.	құралға техникалық қызмет көрсету		200	2 024	1 012	1 824	
6.9.6.	кадрларды даярлау		0	0		0	
6.9.7.	еңбекті қорғау		120	578	481	458	
6.9.8.	кеңсе шығыстары		2 898	7 862	271	4 964	
6.9.9.	байланыс қызметі		3 289	20 528	624	17 239	
6.9.10.	сақтандыру шығындары		5 695	112 188	1 970	106 493	
6.9.11.	жалпы шаруашылық шығыстар		3 012	22 319	741	19 307	
III	Барлық шығыстар		1 825 192	4 713 039	258	2 887 847	
IV	Барлық кірістер, оның ішінде		1 825 192	1 804 356	99	-20 836	
V	Көрсетілген қызметтердің көлемі	сам/км	61 368 727	62 198 496	101	829 769	
VI	Пайда		0	-2 908 683		-2 908 683	

Бекітілген тарифтік сметада қарастырылған шығындардан нақты қалыптасқан шығындардың өсуінің негізгі себебі мыналар болды:

1. "Қазэросервис" акционерлік қоғамын тарату туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдесіндегі № 537 қаулысына сәйкес 2015 жылғы 11 қарашадан бастап Косіпорын азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, осыған байланысты персонал саны артты. Персонал санының артуы еңбекке төлеу шығыстарының, іссапар шығыстарының, персонал біліктілігін арттыру, бөгде ұйымдардың қызметтері шығыстарының, материалдық шығындардың және басқа да шығыстардың өсуіне әкеп соқты;

Ұйымның атауы: РМҚ "Қазэроавиация"

Мекежайы: Қазақстан Республикасы, 010014 Астана қаласы, Есіл ауданы, Б.Жолдыұлы 33/10 мекенжайы

Телефон 773-560

Электрондық пошта мекен-жайы office@ans.kz

Орындаушының тегі және телефоны: Кенесбаева М.К

күні " " 2019 жыл

Бас директор



А.Бектұров

Халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтеріне арналған тарифтік сметаның орындалу барысы туралы 2018 жылғы ақпарат

Есептік кезең: 2018 жыл

Индексі: ӨТСЕ - 1

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынады: "Қазаронавигация" РМК

Нысан кімге ұсынылады: Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму Министрлігінің Азаматтық авиация комитеті

Тансыру мерзімі: жылсайын есепті кезеңнен кейін, 1 мамырдан кешіктірмей

№ рс	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	2018 жылға ӘМ-ға бекітілген тарифтік сметада көзделгені	2018 жылғы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқуы, %-бен	Ауытқуы (+, -)	Ауытқу себептері
I.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	тыс. теңге	953 426	1 551 015	163	597 589	
	оның ішінде:						
1.	Материалдық шығындар, қосалқы бөлшектер қоры, барлығы		35 220	67 049	190	31 829	
	оның ішінде:						
1.1.	материалдар, қосалқы бөлшектер		3 235	9 823	304	6 588	
1.2.	отын		9 985	27 234	273	17 249	
1.3.	электр энергиясы		22 000	29 992	136	7 992	
2.	Еібекке ақы төлеу шығындары, барлығы		418 165	718 800	172	300 635	
	оның ішінде:						
2.1.	жалақы		380 496	646 390	170	265 894	
2.2.	әлеуметтік салық		37 669	72 410	192	34 741	
3.	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы		386 222	550 901	143	164 679	
4.	Жөндеу, барлығы		8 777	39 451	449	30 674	
	оның ішінде:						
4.1.	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу		8 777	39 451	449	30 674	
5.	Өзге шығындар, барлығы		105 043	174 814	166	69 771	
	оның ішінде:						
5.1.	байланыс қызметі		2 700	4 014	149	1 314	
5.2.	іссапар шығыстары		18 740	29 991	160	11 251	
5.3.	кадрларды даярлау		3 500	4 457	127	957	
5.4.	басқа да шығыстар		80 103	136 352	170	56 249	
	оның ішінде:						
5.4.1.	құралға техникалық қызмет көрсету		58 014	67 523	116	9 509	
5.4.2.	ғимараттар, құрылыстарды қамтамасыз ету		1 924	2 972	154	1 048	
5.4.3.	РТО ұшулары		12 000	18 000	150	6 000	
5.4.4.	негізгі өндірістік қорларды жалға алу						
5.4.5.	АМСГ қызметтері						
5.4.6.	аэронавигациялық ақпараттың құжаттары						
5.4.7.	ведомстволық күзет шығындары		180	10 721	5 956	10 541	
5.4.8.	медициналық тексеріс		3 307	4 111	124	804	
5.4.9.	енбекті қорғау		1 633	5 138	315	3 505	
5.4.10.	Жалпы шаруашылық шығыстар		3 044	27 887	916	24 843	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	тыс. теңге	19 113	47 547	249	28 434	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы		19 113	47 547	249	28 434	
	оның ішінде:						
6.1.	әкімшілік персоналдың жалақысы		7 207	16 890	234	9 683	
6.2.	әлеуметтік салық		714	1 680	235	966	
6.3.	банк қызметтері		91	116	127	25	
6.4.	Негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациясы		3 919	4 354	111	435	
6.5.	коммуналдық қызметтер		65	84	129	19	
6.6.	бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер		56	216	386	160	
	оның ішінде:						
6.6.1.	аудиторлық қызметтер		40	151	378	111	
6.6.2.	ақпараттық қызметтер		16	65	406	49	
6.7.	іссапар шығыстары		0	0	0	0	
6.8.	салықтар		5 652	12 974	230	7 322	
6.9.	басқа да шығыстар		1 411	11 233	796	9 822	
	оның ішінде:						
6.9.1.	қосалқы бөлшектер, материалдар		51	254	498	203	
6.9.2.	отын		38	521	1 371	483	
6.9.3.	электр энергиясы		103	183	178	80	
6.9.4.	жөндеу қоры		47	61	130	14	
6.9.5.	құралға техникалық қызмет көрсету		10	118	1 180	108	
6.9.6.	кадрларды даярлау		0	0	0	0	
6.9.7.	енбекті қорғау		6	37	617	31	
6.9.8.	көмең шығыстары		253	850	336	597	
6.9.9.	байланыс қызметі		247	1 195	484	948	
6.9.10.	сақтандыру шығындары		429	6 714	1 565	6 285	
6.9.11.	жалпы шаруашылық шығыстар		227	1 300	573	1 073	
III	Барлық шығыстар		972 540	1 598 562	164	626 022	
IV	Барлық кірістер, оның ішінде		972 540	1 014 210	104	41 670	
V	Көрсетілген қызметтердің көлемі	тонна	3 134 691	3 303 605	105	168 914	
VI	Пайда		0	-584 352	0	-584 352	

Бекітілген тарифтік сметада қарастырылған шығындардан нақты қалыптасқан шығындардың өсуінің негізгі себебі мыналар болды:

1. "Қазаросервис" акционерлік қоғамын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдесіндегі № 537 қаулысына сәйкес 2015 жылғы 11 қарашадан бастап Косіпорын азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асырды, осыған байланысты персонал саны артты.

Персонал санының артуы еңбекақы төлеу шығыстарының, іссапар шығыстарының, персонал біліктілігін арттыру, бөгде ұйымдардың қызметтері шығыстарының, материалдық шығындардың және басқа да шығыстардың өсуіне әкеп соқты;

Ұйымның атауы: РМК "Қазаронавигация"

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010014 Астана қаласы, Есіл ауданы, Е 522 көпесі, 10-қабат

Телефон 773-560

Электрондық пошта мекен-жайы office@ans.kz

Орындаушының тегі және телефоны: Келебаева М.

күні " " 2019 жыл



Бас директор

А.Бектұров